

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ-ның 2024 жылғы негізгі көрсеткіштері тұрақты өсімге ие

2024 жылы «БЖЗК» АҚ-ның (БЖЗК, Қор) негізгі көрсеткіштері барлық бағыттар бойынша оң нәтиже берді.

Отандастарымыздың шоттарына түсетін жарналардан және инвестициялық кірістерден жинақталған зейнетақы жинақтарының көлемі 01.01.2025 жылға шамамен 22,80 трлн теңгеге жетті. Жыл ішінде 4,93 трлн теңгеге немесе 27,6% артты.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 2025 жылғы 1 қаңтарға - шамамен **21,88 трлн теңге**, бір жылда 26,5% ұлғайды.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы - шамамен **653,77 млрд теңге**, жыл ішінде 15% өсім көрсетті.

Бір жылдағы ең үлкен өсімді (50,3%), 2024 жылдың қорытындысы бойынша шамамен **7,94 млрд теңге** көлеміне жеткен ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар паш етті.

2024 жыл ішінде салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсіп отырды. 2024 жылы ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы **258,15 млрд теңгеден** асты.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бұл ретте салымшылардың жеке және шартты шоттарына есепті жыл ішінде түскен зейнетақы жарналарының мөлшері 2,79 трлн теңгеге жуық. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 29 % артық. Жарналардың барлық түрлері оң сипатқа ие: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл бойына 2,44 трлн аса теңге түсті (2023 жылмен салыстырғанда МЗЖ көлемі 18,3% артты), МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға 113,6 млрд теңге (өсім 18,9%), ЕЗЖ бойынша жылдық жарна мөлшері – 3,07 млрд теңге (өсім 32,50%) жиналды. ЖМЗЖ көлемі – шамамен 231,24 млрд теңге.

2024 жылға есептелген инвестициялық кіріс шамамен 3,4 трлн теңге болды. Оның көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1,79 трлн-нан аса теңгеге немесе 114,5% өсті.

Төлемдер мен аударымдар

2024 жыл ішінде БЖЗК-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары **1,32 трлн теңгеден** асты. Бұл былтырғы жылдағы төлемдер көлемінен 2,24 есе (немесе шамамен 732,56 млрд теңгеге) көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде – шамамен 609,89 млрд теңге. Баламалы мақсаттарға берілген төлемдер көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 2 еседен аса мөлшерге ұлғайды.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 35,64% ұлғайып, шамамен 204,22 млрд теңгеге жетті. БЖЗК-дан зейнет жасына толуына байланысты берілетін орташа айлық төлем - 33 906 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

Былырғы жылы, сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – **61,6 млрд аса теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **40,57 млрд аса теңге**, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – **3,07 млрд аса теңге**, жерлеуге төлемдер – шамамен **9,96 млрд теңге** көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына **394,54 млрд теңгеден** астам қаржы аударылды.

ЖЗШ саны

2025 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - 17,18 млн. бірлік (жыл бойғы өсім - 4,85 млн аса бірлік немесе 39,4%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қаңтарына 12,50 млн бірліктен асты. Оның ішінде: 11,15 млн астамы - МЗЖ бойынша, шамамен 715,52 мың - МКЗЖ бойынша, 439,58 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗК-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - **4,67 млн** бірліктен асты.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «[Көрсеткіштер](#)» бөлімінде орналастырылған.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).